

«А.Байтұрсынов  
атындағы Қостанай  
өңірлік  
университеті»КеАҚ



Бекітемін  
Басқарма Төрағасы - Ректор  
\_\_\_\_\_ С.Куанышбаев  
\_\_\_\_\_ 2022 ж.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курсының  
**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Заманауи бастауыш сынып мұғалімі: трансформация, даму жолдары, оқу  
үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру»**

Қостанай, 2022

**Құрастырған:**

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Айдналиева Н.А.

**Бағдарлама ескере отырып әзірленген:**

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген.

## 1. Жалпы ережелер

«Заманауи бастауыш сынып мұғалімі : трансформация, даму жолдары, оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бастауыш сынып мұғалімдерін оқытуға арналған.

«Заманауи бастауыш сынып мұғалімі: трансформация, даму жолдары» оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру» ( SWOT талдау, Lesson study арқылы сабақты талдау т.с.с) қолдану әдістемесін меңгерту. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін білім алушы білімін мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды.

## 2. Глоссарий

<b>Ассоциациялық оқыту / Ассоциативное обучение / Associative learning</b>	түсініктер мен дағдылардың біртіндеп қалыптасуын қамтамасыз ететін <b>ассоциациялар, мнемоника</b> , шынығу жаттығулары, еліктеушілік, нұсқаулар арқылы оқу. Ассоциациялық оқыту нақтылы жаңғырту мен жақсы есте сақтауға көмектеседі.
<b>Аффекттік фактор / Аффективный фактор / Affective</b>	(лат. <i>affectus</i> – жан толқуы) – адамның өмірі мен қызметіне әсер ететін, жоғары эмоционалдылықпен, терең күйзеліспен сипатталатын, күшті, айқын пайда болатын және қызуқанды өтетін психикалық жағдаймен байланысты фактор.
<b>Аффекттік теория /Аффективная теория / Affective theory</b>	педагогика мен психология саласындағы теория, ол жай ғана қабылдау, қызығушылық білдіру, қам жеуден бастап құндылықтар бағдарын игеру мен олардың қызметте көрініс табуы сияқты қоршаған орта құбылыстарына эмоционалдық-адами қарым-қатынас қалыптастыруға негізделеді.
<b>Әңгіме-дебат / Беседа-дебаты / Disputational talk</b>	оның барысында қатысушылар арасында ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады. Әңгіме-дебат ынтымақтастыққа бағдарланбаған бәсекелестікке негізделеді.
<b>Диалогтік әңгіме / Беседа диалогическая / Dialogic talk</b>	белгілі бір тақырыпқа бағытталған диалог жүргізуге негізделген вербалды-коммуникативтік әдіс. Диалог барысында идеялар екі бағытта жүріп, оқушының қарқынды білім алуына септігін тигізеді. Диалог барысында оқушылар (сондай-ақ олардың мұғалімдері) тең құқылы серіктестер болып табылады. Олар бар күштерін келісілген нәтиже алуға жұмсайды және Мерсер (2000) айтқандай, бірлескен білім алу немесе «пікір алмасу» үдерісіне тартылады.

<b>Зерттеушілік әңгіме / Беседа исследовательская / Exploratory talk</b>	<p>бұл әңгіме түрінде әркімнің идеясы пайдалы деп қарастырылғанымен, олар егжей-тегжейлі бағалаудан өтеді. Зерттеушілік әңгімеге қатысушылар бір-біріне сұрақ қойып, бір тоқтамға келу үшін оларға негізді жауап береді. Алайда зертеушілік әңгімеде келісімге келу емес, керісінше оны іздеу үдерісі маңызды болып табылады.</p>
<b>Кумулятивтік әңгіме / Беседа кумулятивная / Cumulative talk</b>	<p>бұл әңгіме түріне қатысушы әрбір адам басқа адамдардың айтқанын қабылдайды және олармен келіседі. Кумулятивтік әңгіме білім алмасу мақсатында қолданылады, бірақ әңгімеге қатысушы адамдар бір-бірінің идеяларына төзімділікпен қарайды. Кумулятивтік әңгіме үдерісінде идеялар қалыптасады, қайталанады, бірақ үнемі егжей-тегжейлі бағалана бермейді.</p>
<b>Диалогтік әңгіме / Беседа диалогическая / Dialogic talk</b>	<p>белгілі бір тақырыпқа бағытталған диалог жүргізуге негізделген вербалды-коммуникативтік әдіс. Диалог барысында идеялар екі бағытта жүріп, оқушының қарқынды білім алуына септігін тигізеді. Диалог барысында оқушылар (сондай-ақ олардың мұғалімдері) тең құқылы серіктестер болып табылады. Олар бар күштерін келісілген нәтиже алуға жұмсайды және Мерсер (2000) айтқандай, бірлескен білім алу немесе «пікір алмасу» үдерісіне тартылады.</p>
<b>Зерттеушілік әңгіме / Беседа исследовательская / Exploratory talk</b>	<p>бұл әңгіме түрінде әркімнің идеясы пайдалы деп қарастырылғанымен, олар егжей-тегжейлі бағалаудан өтеді. Зерттеушілік әңгімеге қатысушылар бір-біріне сұрақ қойып, бір тоқтамға келу үшін оларға негізді жауап береді. Алайда зертеушілік әңгімеде келісімге келу емес, керісінше оны іздеу үдерісі маңызды болып табылады.</p>
<b>Кумулятивтік әңгіме / Беседа кумулятивная / Cumulative talk</b>	<p>бұл әңгіме түріне қатысушы әрбір адам басқа адамдардың айтқанын қабылдайды және олармен келіседі. Кумулятивтік әңгіме білім алмасу мақсатында қолданылады, бірақ әңгімеге қатысушы адамдар бір-бірінің идеяларына төзімділікпен қарайды. Кумулятивтік әңгіме үдерісінде идеялар қалыптасады, қайталанады, бірақ үнемі егжей-тегжейлі бағалана бермейді.</p>
<b>Критериалды бағалау / Оценивание критериальное / Criteria assessment</b>	<p>оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым</p>

	талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Критериалды бағалаудың екі түрі бар – жиынтық және қалыптастырушы.
<b>Жиынтық бағалау (оқуды бағалау) / Оценивание суммативное (оценивание обучения) / Summative assessment (assessment of learning)</b>	оқытудың нәтижелерін жіктеу, сертификаттау және тіркеу мақсатында оқытудың қорытындыларын шығару. <b>Жиынтық бағалау</b> оқу циклдері мен сатылары аяқталғанда жүзеге асырылып, оқушының белгілі бір кезеңдегі дайындық деңгейінің көрсеткіші болып табылады, біртұтас <b>бағалау критерийлері</b> негізінде іске асырылады.
<b>Блум таксономиясы / Таксономия Блума / Blooms' taxonomy of learning objectives</b>	1956 жылы америкалық психолог <b>Бенджамин Блум</b> ұсынған танымдық саладағы оқытудың педагогикалық мақсаттарының жіктелуі. Оған ойлау дағдыларының алты деңгейі кіреді: <b>білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.</b>
<b>Жинақтау / Синтез / Synthesis Бағалау / Оценка / Evaluation Дәлелдеу / Аргументация / Argumentation –</b>	алғашында бөлінген ұғымдарды біртұтас біріктіру үдерісі. объектінің құндылықтарын, кемшіліктерін, аңыздылығын және басқа да сипаттамаларын белгілі бір критерийлер мен стандарттар негізінде анықтау үдерісі. белгілі бір көзқарасты жеке немесе ұжымдық реципиенттің түйсініп, түсінуі және/немесе қабылдауы мақсатында негіздеу үшін жүргізілетін логикалық-коммуникациялық үдеріс.
<b>Дескриптор / Дескриптор / Standard Джигсо (мозаика) / Джигсо (мозаика) / Jigsaw - Эллиот Аронсон Диалогтік оқыту / Диалогическое обучение / Dialogic teaching -</b>	оқушының белгілі бір тапсырма бойынша орындаған жұмысының деңгейін немесе сапасын сипаттайтын тұжырым. ұсынған, оқушылардың білімдік міндеттерді шешу мақсатында ынтымақтасып жұмыс істеуін көздейтін оқыту мен оқу әдісі. мұғалімнің оқу материалын оқушыларға түсіндіріп, оқушылардың сол оқу материалын меңгеруі мақсатында оқу материалын дайындаудың және баяндаушы әңгіме жүргізудің нақтылы реттеуші ережелерін ескере отырып

	<p>құрылған оқыту мен оқу тәсілі. Оқушыларды мәселені (проблеманы) анықтап, оны шешуге итермелейді және олардың оқудағы іс-әрекеттерін белсенді етуді көздейді.</p>
<p><b>Жады / Память / Memory -</b></p> <p><b>Қысқа мерзімді жады (жұмыс жадысы) / Память кратковременная (рабочая память) / Short-term memory</b></p> <p><b>Рәсімдік жады / Память процедурная / Procedural memory</b></p> <p><b>Семантикалық жады / Память семантическая / Conceptual memory</b></p> <p><b>Ұзақ мерзімді жады / Память долгосрочная / Long-term memory</b></p> <p><b>Эпизодтық жады / Память эпизодическая /</b></p>	<p>1. Ақпаратты сақтауға, жинақтауға және жаңғыртуға арналған психикалық функциялар мен ақыл-ой қызметінің бір түрі. 2. Сыртқы әлем оқиғалары мен ағза реакциялары жайлы ақпаратты ұзақ мерзім бойы сақтау және келесі іс-әрекетті орындау үшін сол ақпаратты бірнеше рет саналы түрде қолдана білу қабілеті.</p> <p>негізгі функциясы ұзақ мерзімді жадыдан алынған ақпаратты нақтылы қолдану (мысалы, тапсырмаларды орындауда, мәселелерді шешуде, қарым-қатынас жасау үдерісінде немесе ішкі ойлану кезінде) мақсатында жандандыру болып табылатын жадының қосалқы жүйесі. Қысқа мерзімді жады серпінді болып келеді, сондықтан да ол қысқа уақытқа: бірнеше секундтан бірнеше минутқа дейін ғана созылады.</p> <p>нақтылы бір әрекеттерді қалай орындау керектігі жайлы білімнің сақталуына жауапты қосалқы ми жүйесі. Мысалы: қасықпен қалай тамақ жеу керек, түймені қалай тағу керек, қалай секіру керек, велосипедті қалай тебу керек, қарындашпен қалай жазу керек, допты қалай лақтыру керек. Осындай әрекеттерді қалай жүзеге асыру керектігі жайлы жады немесе білімдер енжар күйде сақталады және саналы вербалдауға көнбейді.</p> <p>-уақиғалармен, тәжірибемен және меңгерілген білімдермен байланысты жалпылаулар мен бейнелерге негізделген, әлем туралы жалпы ережелер, ұғымдар және идеялардың сақталуына жауапты жадының қосалқы жүйесі.</p> <p>ақпаратты шексіз уақыт және шексіз көлемде сақтаумен сипатталатын жадының қосалқы жүйесі. Оның тиімділігі ақпаратты жүйелі түрде қайталау арқылы айқындалады. Себебі жүйелі қайталанған білім ассоциациялық байланыстың орнауына себеп болады. Ол ассоциациялық байланыс арқылы барлық ақпарат кеңістігінен қандай да бір ақпаратты еске түсіруге мүмкіндік туындайды.</p> <p>адамның өмірлік тәжірибесі жөнінде уақиғалық ақпаратты қамтитын қосалқы ми жүйесі. Онда мысалы, орын, уақыт және жағдай сияқты мәнмәтіндік қасиеттер маңызды болып табылады.</p>

<b>Episodic memory</b>	
<b>High-order thinking skills</b>	Блум таксономиясына сәйкес талдау, жинақтау және берілген ақпаратқа байланысты қорытынды жасау сияқты дағдылар. Төмен деңгейлі ойлау дағдыларына (берілген ақпаратты есте сақтау және жаңғырту) қарама-қарсы келеді.
<b>Жоғары деңгейлі сұрақтар (ашық сұрақтар) / Вопросы высокого порядка (открытые вопросы) / High-order questions (open questions)</b>	оқушының белгілі бір ақпаратты қолдану, қайта құру, кеңейту, бағалау және талдау сияқты қабілеттеріне бағытталатын сұрақтар.
<b>Жоспарлау / Планирование / Planning</b>	мақсат пен міндет қою, сондай-ақ қойылған мақсаттарға қол жеткізуге арналған әдістер мен стратегияларды іріктеумен байланысты қызмет түрі.
<b>Инклюзивті оқыту / Инклюзивное обучение / Inclusive education</b>	білім алу барлығына да қолжетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу.
<b>Кейстер әдісі</b>	шынайы нақты материалдарға негізделеді немесе мазмұны жағынан шынайы өмірден алынған жағдаятқа жақын болуы тиіс.
<b>Кері байланыс / Обратная связь / Feedback</b>	белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну, игеру, онымен келісіп, келіспейтіндігін көрсететін белгілі бір әрекет немесе оқиға туралы пікір, баға беру, жауапты реакция.
<b>Когнитивті психология / Когнитивная психология / Cognitive psychology</b> <b>Когнитивтілік /</b>	адам сана-сезімінің танымдық үдерістерін зерттейтін, адамның мінез-құлық әрекеттеріне емес, ең алдымен ойлау қызметіне басымдық беруге негізделген психология бөлімі. Когнитивті психологтер адам санасында белгілі бір материалды түсінгені не болмаса түсінбегені жөнінде болып жатқан үдерістерге қатысты мәселелерді зерттейді  сыртқы ақпаратты саналы қабылдау және өңдеу қабілеті.

<p><b>Когнитивн ость / Cognitive</b> (лат. <i>cognitio</i> - таным, зерделеу, түйсіну) <b>Конвергент ті / репродукти вті ойлау / Конвергент ное/репрод уктивное мышление / Convergent thinking</b></p>	<p>(лат. <i>convergere</i> – қосылу) – белгілі бір тапсырманы орындаудың алдын ала игерілген алгоритмдерін нақты пайдалануға негізделген ойлаудың түрі. «Репродуктивті» сөзімен бірге қолданылады,</p>
<p><b>Қадағалау / Наблюдени е / Observation</b></p>	<p>1. Белгілі бір құбылыстың қарқынын немесе бақылау объектісінде болып жатқан өзгерістерді көруге мүмкіндік беретін жоспарлы түйсіну. 2. Қоршаған орта объектілері туралы бастапқы түсінікті түзу, фактілерді жинақтауды мақсат ететін сезімдік танудың белсенді нысаны. Қадағалау ұқсас фактілерді, қасиеттер мен құбылыстарды топтастыра білуді, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын аңғарып, оларды жіктей білуді және мүмкіндігінше, үдеріс немесе құбылыс барысының қадағаланатын жағдайларға байланыстылығын айқындай алуды көздейді.</p>
<p><b>Интерпрет ация / Интерпрет ация / Interpretati on</b></p>	<p>(лат. <i>interpretatio</i> – мағынасын жеткізу, түсіндіру) – қандай да бір құбылыс, оқиға, үдеріс немесе мәтіннің мәнін ашып, мағынасын ажырату, түсіндіру және мағынасын жеткізу дегенді білдіретін ойлау жұмысы.</p>
<p><b>Қорытынд ы / Заключени е / Conclusion</b></p>	<p>бір нәрсенің негізінде жасалған қорытынды немесе бір нәрседен туындаған салдар болып табылатын пайымдау, ой-пікір, тұжырым.</p>



<p>«Қара жәшік» / «Черный ящик» / The Black Box</p>	<p>ғылым мен техника саласынан алынған метафора, онда «қара жәшік» оның ішкі құрылымы туралы ештеңе білместен, яғни оның қалай қолданылатыны айқын емес (қара), тек қана енгізу, шығару, беру сипаттамалары тұрғысынан қарастыруға болатын құрылғы, жүйе не объект ретінде қарастырылады. Кез келген затты (құбылысты) «қара жәшік» деп атауға болады: транзистор, алгоритм немесе адам санасы. Ал педагогика ғылымында «қара жәшік ішіндегі жұмыс» деген метафора сыныпқа қатысты қолданылып, білім беру мекемесінің құрылымымен шектелген жағдайды меңзейді.</p>
<p>Lesson Study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау</p>	<p>оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттауды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study-дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson Study, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Қазіргі кезде оқыту әдістемесін жетілдіру, оқушылардың бастауыш және орта мектептегі негізгі пәндер бойынша білім деңгейін арттыру, сондай-ақ тұжырымды педагогикалық тәсілдерді жасау мақсатында Жапониямен қатар Сингапур, Гонконг, Қытай, АҚШ, Ұлыбритания, Швеция және Канадада ойдағыдай қолданылады.</p>
<p>Маслоу қажеттілік тер пирамидасы / Пирамида потребности Маслоу / Maslow's hierarchy of Needs</p>	<p>адам қажеттіліктерінің иерархиялық моделі. Америкалық психолог А. Маслоу ұсынған идеялардың қарапайым түрде баяндалуы. Аталған модель кең тараған әрі танымал уәж теорияларының бірі – қажеттіліктер иерархиясы теориясын көрсетеді. Ол теорияға сәйкес сатының ең төменгі деңгейінен биологиялық және физиологиялық қажеттіліктер орын алса, жоғары сатысында өзін-өзі таныта білу орналасқан.</p>
<p>Оқу стильдері / Стили обучения / Learning styles</p>	<p>- бұл тәсілдер арқылы адамдар үйренеді. Алғаш рет оқу стильдері термині 1970-жылдары пайда болды, қазіргі таңда оқу стильдерінің көптеген жіктеулері бар. Барлығына бірдей жарамды стиль болмайды деп есептеледі, себебі адамдар қандай да бір жағдайларға қарай түрлі оқу стильдерін қолданады. Нейл Флеминг (Neil Fleming) ұсынған жіктеу кең таралған, әрі жиі қолданылатындардың бірі болып саналады. Ол оқушыларды аудиалдар, визуалдар және кинестетиктер (VAK model) деп бөледі.</p>

<b>Аудиалдар</b> / <b>Аудиалы</b> / <b>Auditory learners</b>	ақпаратты есту арқылы қабылдайтын оқушылар. Материалды меңгеру немесе түсіну үшін аудиалдарға ақпаратты тыңдап немесе қайталап айтып өту керек.
<b>Визуалдар</b> / <b>Визуалдар</b> / <b>Visual learners</b>	идеялар, тұжырымдамалар және ақпаратты визуалды бейнелермен ұқсастыру арқылы қабылдайтын оқушылар. Демек бұл оқушылар ақпаратты көру органдары арқылы қабылдайды.
<b>Кинестетик тер</b> / <b>Кинестетик и</b> / <b>Kinesthetic learners</b>	(көне грек. κινέω – «қозғалтамын, ұстап көремін» + αἴσθησις – «сезім, түйсік») – ақпараттың көптеген бөлігін дене арқылы сезіну жолымен жанау арқылы қабылдайтын оқушылар.
<b>Постер</b> / <b>Постер</b> / <b>Poster</b>	оқу мақсатында қолданылатын ресімделген плакат.
<b>Праксис</b> / <b>Праксис</b> / <b>Praxis</b>	(грек. <i>praxis</i> – әрекет) – толық бақылаумен бірге жүретін, бас миының зақымдалуы кезінде бұзылуы мүмкін лайықты дәрежеде үйлестірілген әрекет.
<b>Рефлексия</b> / <b>Рефлексия</b> / <b>Reflection</b> (лат. <i>reflexio</i> – өткенге жүгіну)  <b>Рефлексивті оқыту</b> / <b>Рефлексивное преподавание</b> / <b>Reflective teaching</b> <b>Рефлексивтік делдал</b> / <b>Рефлексивный</b>	субъектінің назарын өзіне, атап айтқанда, оларды қайта ойлап, қорыту мақсатында өз белсенділігінің өніміне аударуы. Философияда <b>рефлексия</b> былай деп түсіндіріледі: 1. Сананың және ойлаудың өзіне жүгіне алу қабілеті. 2. Жаңа білім алу мақсатында білімді талдау. 3. Сана мен жанның күйін өзіндік бақылау. Педагогикада <b>рефлексия</b> сабақтың бір кезеңі ретінде қарастырылады. Ол кезде сабақ барысында алынған білім сыни тұрғыдан талданып, меңгерілген біліммен салыстырылып, өзіндік түсінік пайда болады. оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында мұғалімнің өзіндік тәжірибесін жүйелі түрде талдауына негізделген оқыту тәжірибесі.  оқушының өзінің оқуына қатысты рефлексия жүргізуіне

<p>посредник / <b>Reflective mediator</b> <b>Рефлексивтік есеп</b> / <b>Рефлексивный отчет / Reflective account –</b></p> <p><b>Рефлексивтік есеп</b></p>	<p>көмек көрсететін адам.</p> <p>теориялық материал туралы қажетті біліммен нығайтылған, тәжірибелік іс-әрекетін терең талдаумен бірге жүретін мұғалімнің тәжірибелік іс-әрекетінен алынған мысалдар жазылған құжат.</p> <p>өз тәжірибесіне қатысты мынадай сұрақтарға жауап беруді көздейді: <i>Неліктен осындай жағдай орын алды немесе алмады? «Кемшіліктерімді» қалай «жетістікке» айналдырамын? Келешекте іс-тәжірибемді қалай жақсартамын? _</i></p>
<p><b>SMART</b> <b>мақсаттары мен міндеттері (ақылды міндеттер) / SMART цели и задачи (умные задачи) / SMART objectives</b></p>	<p>оқыту мақсаты мен міндеттерін анықтауда қолданылатын, 1981 жылы Джордж Доран (George T. Doran) енгізген ұғым. Автордың айтуынша, SMART аббревиатурасының құрамында оқыту мақсаты мен міндеттерін сипаттауға тиіс сын есімдер қамтылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>S</b> pecific (арнайы, нақты);</li> <li>- <b>M</b> easurable (өлшеуге болатын);</li> <li>- <b>A</b> ttainable (қолжетімді);</li> <li>- <b>R</b> ealistic (шындыққа сай);</li> <li>- <b>T</b> imed (белгілі бір уақыт аралығымен шектелген).</li> </ul>
<p><b>Скаффолдер / Скаффолдер / Scaffolder Scaffolding</b></p>	<p><b>скаффолдингті</b> жүзеге асыратын мұғалім. <b>Скаффолдинг (көпіршелер тұрғызу) / Скаффолдинг (сооружение подмостков) /</b> оқушыға <b>жақын арадағы даму аймағымен</b> жүруіне және өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға көмектесу үшін мұғалім көрсететін интерактивті қолдау.</p>
<p><b>Скрининг / Скрининг / Screening</b> (іріктеу, сұрыптау)</p>	<p>педагогикада – бірегей қабілеттері бар балаларды, соның ішінде бастапқыда әлеуеті ашылмаған дарынды және талантты балаларды анықтау мақсатында қолданылатын арнайы тексеру, тестілеу және іріктеу әдісі.</p>
<p><b>Сын тұрғысына ойлау / Критическ</b></p>	<p>қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі. Бұл келесі қабылданатын әрекеттерге негіз болуы мүмкін.</p>

<p><b>оe мышление / Critical thinking</b></p>	
<p><b>Мұғалімнің сын тұрғысына н ойлауы / Критическ оe мышление учителя / Teacher’s critical thinking skills</b></p>	<p>мұғалімнің өзінің оқыту және оқу тәжірибесіндегі проблемаларды анықтап, мойындауға, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға, тәжірибеде болып жатқан өзгерістер жайлы орынды дәлелдемелерді жинап, жіктеуге және сенімді қорытындылар жасауға негізделеді.</p>
<p><b>Топтық жұмыс / Групповая работа / Group work</b></p>	<p>білім алушыларды оқу тапсырмасын бірлесіп орындау үшін бірнеше жұмыс топтарын (5-6 адамнан артық емес) құру арқылы ұйымдастыру нысаны. Бұл бірін де сырт қалдырмай барлық оқушыларға жұмысқа қатысып, ынтымақтастық, басқа адаммен қарым-қатынас жасау дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді.</p>
<p><b>Төмен деңгейлі сұрақтар (жабық сұрақтар) / Вопросы низкого порядка (закрытые вопросы) / Low-order questions (closed questions) -</b></p>	<p>берілген ақпаратты есте сақтауға ғана бағытталатын сұрақтар. Оларға берілетін жауаптар «дұрыс» немесе «бұрыс» деп қана бағаланады.</p>
<p><b>Тұжырымд амалық карта/ассо циациялық карта / Концептуа</b></p>	<p>ойлау үдерісінің графикалық бейнеленуінің тиімді тәсілі, оның көмегімен түрлі тұжырым, ұғым, идеялардың арасындағы өзара қарым-қатынастарды визуалдандыруға болады. Тұжырымдамалық карта идеялардың сабақтастығын, тұжырымдаманың дамуын анықтап, бірден көзге көріне қоймайтын байланыстарын тауып, түрлі идеялар мен</p>

льная карта/ассоциативная карта / Word map, mind map -	шешімдерді тудыруға мүмкіндік береді.
Таныстырылым / Презентация / Presentation	(лат. <i>praesento</i> - көрсетілім) – алдында берілген тапсырма негізінде орындалған жұмыс туралы есепті басқаға, көпшілікке ұсыну үдерісі. <b>Таныстырылым</b> мақсаты – аудиторияға таныстырылатын объекті туралы ақпаратты ыңғайлы түрде жеткізу. Таныстырылым белгілі бір ортаға сәйкес ұйымдастырылған мәтін, гипермәтіндік сілтемелер, компьютерлік анимациялар, графиктер, бейнежазба, музыкадан тұруы мүмкін. Сонымен қатар ақпаратты оңай қабылдау үшін таныстырылымның сюжеті, сценарийі және құрылымы болады.

### 3. Бағдарлама тақырыптары

<b>Модуль 1. Нормативтік-құқықтық модуль</b>	1.1. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы <a href="http://adilet.zan.kz/kaz">http://adilet.zan.kz/kaz</a>
	1.2. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Педагогтің кәсіби стандарты, («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығы) мазмұны
<b>Модуль 2. Педагогикалық-психологиялық модуль</b>	2.1 Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы білім алушылардың жас және қабылдау ерекшеліктерін ескеру мәселелері
	2.2 Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында коллаборативті орта құру кезінде педагогтарды білім алушылармен жұмыс жасауда психологиялық-педагогикалық қолдау
<b>Модуль 3. Мазмұндық модуль</b>	3.1. Оқу бағдарламасы – мұғалімнің маңызды құжаты. Оқу үдерісін жоспарлау: білім алушының практикалық сабақтары, өзіндік жұмыстарын құрастыру ерекшеліктері, білім алушылардың білім жетістігін бағалау ерекшеліктері

	3.2 Білім алушылардың білім жетістігін бағалау ерекшеліктері (бағалау критерийлері, дескрипторлар, кері байланыс, рефлексия, Kundelik.kz, диагностикалық және рефлексивті портфолио)
	3.3. Педагог мамандарды Ұлттық біліктілік тестілеуге дайындау, тест құрастыру жолдары (google форм, quizizz, )
<b>Модуль 4. Практикалық бөлім</b>	4.1. On-line сабақ ұйымдастырушылардың ZOOM, YouTube платформаларында жұмыс жүргізу әдістемесі (Kundelik.kz, WhatsApp, Telegram мессенджер) және қолдану ерекшеліктері
	4.2 Lesson study тәсілі арқылы сабақты талдау.

#### 4. Бағдарлама мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтиже

**Мақсаты:** Тыңдаушылардың оқытудың заманауи технологиялары мен білім берудің инновациялық тәсілдемесін оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыруда қолдана алу құзіреттілігін қалыптастыру.

##### **Міндеттері:**

- Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізгі тұжырымдамалық бағыттары мен мазмұнын зерделеу;
- түрлі жағдайда тиімді диалог жүргізе алатын, заманға лайық табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларды қолдана алатын біліктілігін жетілдіру;
- мәселелік тапсырмаларды, жағдаяттарды құра білу, сыни тұрғыда ойлай білу қабілеттірін дамыту;
- өзін-өзі кәсіби талдау және өзін-өзі кәсіби бағалау дағдыларын қалыптастыру.

##### **Күтілетін нәтиже:**

Білуі:

- Оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастырудың мәнін анықтайды және сипаттайды

##### **Меңгеруі:**

Оқу бағдарламасы – мұғалімнің маңызды құжаты. Оқу үдерісін жоспарлау: білім алушының практикалық сабақтары, өзіндік жұмыстарын құрастыру ерекшеліктері, білім алушылардың білім жетістігін бағалау ерекшеліктері

- білім алушылардың білім жетістігін бағалаудың түрлі тәсілдерін ұйымдастырудың қажеттілігін кәсіби іс-әрекетте қолданады;

- оқу курсы бойынша алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алуға бағытталады;

- оқу нәтижелерін топ жұмысы мен оқу үдерісіндегі нәтижелерді қорытындылай алады, дәлелденген нәтижелерін педагогикалық іс-әрекетке (мониторинг, логикалық сызба, «Левин» циклін қолдану үлгісі бойынша) кіріктіре отырып, іс-тәжірибесінде қолдана алады.

Дағдысы:

- талдай және сараптай алады және өз оқу мақсатына қарай қолдана алады; топ жұмысының, оқу үдерісінің нәтижелерін талдай алады;

- оқыту мен оқудағы педагогикалық үдерістерінің диагностикасын жасай алу әдістемесін құрастыра алады; педагогикалық үдерістегі өзінің жетістігін, топ жұмысының нәтижелерін сараптай, рефлексиялай алады; оқу нәтижелерін жақсарту мақсатында ұсыныстар бере алады.;

- оқу үдерісін жоспарлай және сараптай алады.

Қорытындысы бойынша курстың практикалық бөлімі бойынша «Үздік орындалған тапсырмалар» жинағы ұсынылады.

## 5. Бағдарлама мазмұны және құрылымы

Бірінші модуль - нормативті-кұқықтық модульде	1.1 Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы; Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 1.2ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Педагогтің кәсіби стандарты, («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығы) мазмұны қарастырылады.
Екінші модуль – педагогикалық-психологиялық модульде келесі тақырыптар зерделенеді	2.1Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру мәселелері 2.2Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында коллаборативті орта құру кезінде педагогтарды білім алушылармен жұмыс жасауда психологиялық-педагогикалық қолдау.

<p>Үшінші модуль - мазмұндық модульде төмендегідей мәселелер қарастырылады</p>	<p>3.1 Оқу бағдарламасы – мұғалімнің маңызды құжаты. 3.2 Оқу үдерісін жоспарлау: білім алушының практикалық сабақтары, өзіндік жұмыстарын құрастыру ерекшеліктері, білім алушылардың білім жетістігін бағалау ерекшеліктері (бағалау критерийлері, дескрипторлар, кері байланыс, рефлексия, Kundelik.kz, диагностикалық және рефлексивті портфолио) 3.3 Болашақ педагог мамандарды Ұлттық біліктілік тестілеуге дайындау, тест құрастыру жолдары (google форм, quizizz, kahoot) қарастырылады.</p>
<p>Төртінші модуль - практикалық тапсырмалар орындалады</p>	<p>4.1 On-line сабақ ұйымдастырушылардың ZOOM, YouTube платформаларында жұмыс жүргізу әдістемесі (Kundelik.kz, WhatsApp, Telegram мессенджер) және қолдану ерекшеліктері; 4.2 Оқыту үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруда сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын тиімді пайдалану; оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында Lesson Study тәсілін қолдану</p>

## 6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Біліктілік курсы төмендегі форматта:

күндізгі бөлім, оқудың ұзақтығы: екі апта, сағат саны: 72

Оқу үдерісі бағдарлама мазмұны және оқу тақырыптық жоспар негізінде ұйымдастырылады.

Оқу үдерісі түрліше оқу формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады:

- Лекция-диалог
- Семинар-тренинг
- Практикалық семинар
- Кері байланыс, сауалнама
- Моделдеу
- Жұптық, топтық жұмыс

Әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету үшін:

- әдістемелік нұсқаулық
- әдістемелік құралдар
- бейне материалдар
- интернет-ресурстар
- таратпа материалдар қамтамасыз етіледі.

Бағдарламаны курсы оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету мақсатында сын тұрғысына. Логикалық ойлау дағдыларына жетілдіруге бағытталған мәтіндік, сызба-графикалық, аудио, бейне, мультимедиялық, сондай-ақ, сауалнама, кері байланыс «google форм» форматында, менгеру



тиімділігіне сәйкес тест «Quizizz», «kahoot» арқылы ұйымдастырылады.

## 7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету

Тақырып аттары	Сағат саны	Оқу сабақтарының түрлері, оқытудың әдістері және сағаттар саны	Тақырыпты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
<b>Модуль 1 Нормативті-құқықтық модуль</b>	18	Лекция-диалог Кері байланыс сауалнама	Презентация бейне материалдар интернет-ресурстар
<p>1.1 Қазақстан республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы <a href="http://adilet.zan.kz/kaz">http://adilet.zan.kz/kaz</a></p> <p>1.2. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы. Педагогтің кәсіби стандарты, («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы</p>	<p>9</p> <p>9</p>	<p>Лекция-диалог Кері байланыс сауалнама</p>	<p>Презентация</p>

№ 133 бұйрығы) мазмұны			
<b>Модуль 2. Психологиялық- педагогикалық қолдау</b>	18	Лекция-диалог Кері байланыс Практикалық сабақ	бейне материалдар интернет- ресурстар
2.1 Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы білім алушылардың жас және қабылдау ерекшеліктерін ескеру мәселелері	9	Лекция-диалог Кері байланыс	Презентация
2.2 Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында коллаборативті орта құру кезінде педагогтарды білім алушылармен жұмыс жасауда психологиялық- педагогикалық қолдау	9	Лекция-диалог Кері байланыс Практикалық сабақ	бейне материалдар интернет- ресурстар
<b>Модуль 3. Мазмұндық модуль</b>	18	Семинар-тренинг Практикалық семинар Моделдеу	әдістемелік нұсқаулық әдістемелік құралдар
3.1. Оқу бағдарламасы – мұғалімнің маңызды құжаты Оқу үдерісін жоспарлау: білім алушының практикалық сабақтары, өзіндік жұмыстарын құрастыру ерекшеліктері	9	Лекция-диалог Кері байланыс	әдістемелік нұсқаулық әдістемелік құралдар
3.2. Білім алушылардың білім жетістігін бағалау ерекшеліктері (бағалау критерийлері, дескрипторлар, кері	9	Практикалық сабақ	бейне материалдар интернет- ресурстар

байланыс, рефлексия, Kundelik.kz, диагностикалық және рефлексивті портфолио); Педагог мамандарды Ұлттық біліктілік тестілеуге дайындау, тест құрастыру жолдары (google форм, quizizz, kahoot)			
<b>Модуль 4. Практикалық бөлім</b>	18	Жұптық, топтық жұмыс	Презентация
4.1. «Шағын сабақ» жоба қорғау		Практикалық сабақ	Бейне материалдар

## 8. Оқу нәтижесін бағалау

Оқу нәтижесін бағалау төмендегі әдістер арқылы жүргізіледі:

-идеялар аукционы «Үздік шағын сабақ» презентациялау (тыңдаушылармен топтық жоба қорғау);

-рефлексивті анкета, сауалнама.

### Курс тыңдаушыларының жоба қорғаудағы критерийлері

	Критерии	Балы	Комментарийі
1	Жоба тақырыбының өзектілігі, тақырыптың өзектілігінің мәні	2	
2	Жоба тақырыбының қойылған мақсат міндетке сйкестілігі	2	
3	Жоба мазмұнының құрылымы: логикасы мен бірізділігі	2	
4	Жоба тақырыбының мазмұнға сәйкестілігі: - проблеманы айқындау деңгейі - жоспарға сәйкестілігі.	2	
5	Жұмыстың болашағы: - жұмыс нәтижесінің практикалық мәні; - жұмыста әрі қарай жалғастыру мүмкіндігі.	2	
6	Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануы	2	
7	Ораторлық шеберлігі	2	
8	Сұраққа тұщымды жауабы	2	
9	Шығармашылық шеберлігі	2	
10	Таныстырылымның безендірілуі	2	
	<b>Жалпы балы</b>	40	

Жоба қорғау критерилері:

- 0 балл – орындалмаған;
- 1 балл – жартылай;
- 2 балл – толық.

Жоба қорғау бойынша жалпы - 40 балл.

Балды дәстүрлі бағаға айналдыру төмендегі схемасы бойынша жүзеге асырылады:

- «5» (өте жақсы) - 30-34 балл.
- «4» жақсы) - 35-40 балл.
- «3» (қанағаттанарлық) - 10-13 балға сәйкес келеді.

Жинаққа енгізу үшін шағын сабаққа сараптама жасалады.

### **Шағын сабақтың критерийі**

1. Тақырыпқа сәйкес оқу мақсатын айқындауы
2. Сабақ мақсатына сәйкес тапсырмалардың сәйкестігі
3. Сабақта жаңа технологиялардың кіріктілуі
4. Критериалды бағалау әдістерін тиімді қолдануы
5. Тапсырманың орындалу сапасына сәйкес дескрипторлардың құрастырылуы
6. Білім алушылардың сабаққа ынталандыру әдістерін тиімді қолдануы

### **9. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары**

1. Оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыру мәселелеріне байланысты сауалнама алу;
2. Оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыру мәселелері байланысты педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау мақсатында он-лайн кеңес беру, вебинарлар ұйымдастыру;
3. Оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастырудың өзекті мәселелері семинар, конференцияларға қатыстыру;
4. Біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар күнтізбелік алғашқы календарлық жылы педагогке ұсынылатын педагогтің кәсіби қызметіндегі өзгерістерді қорытынды мониторингілеу және талдаумен бірге алған білімдерін практикада сапалы іске асыру үшін біліктілігін арттырудан өткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдауды ұйымдастыру;
5. Мұғалімдердің қатысуымен біліктілікті арттыру бағдарламасына түзетулер енгізу, талдау

### **10 Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы  
<http://adilet.zan.kz/kaz>
2. Григг, Р. Бастауыш мектеп мұғалімі. Шеберлікті шыңдау [Текст]: ғылыми басылым / Р. Григг.- 2-ші бас.- Нұр-Сұлтан; Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020.- 599 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).
3. Таубаева, Ш.Т. Педагогика [Текст]: ҚРБ МФ, Абай ат.ҚҰПУ / Ш.Т. Таубаева, С.Т. Иманбаева, А.Е. Берикханова.- Алматы: ОНОН, 2017.- 340б.
4. Алиева, Д. Мұғалімнің кәсіби бағыты: оқу-әдіст. құрал / Д. Алиева, А.К. Абдрашева, К.И. Агитаева; ҚМПИ, фил.фак., қазақ тілі мен әдебиеті каф.- Қостанай: ҚМПИ, 2018.- 142б.: сурет.
5. Бұлақбаева, М.К. Педагогикалық шеберлік негіздері [Текст]: оқу құралы / М.К. Бұлақбаева; ҚР БҒМ; ҚМҚПУ.- Алматы: Отан, 2016.- 126 б.
6. Поллард Э. Рефлексивті оқыту негіздері [Текст]: оқулық / Э. Поллард.- 5-ші басылым.- Нұр-Сұлтан: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020.- 727 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).
7. Aleksieienko-Lemovska, L. Components of professional competence of educators of pre- school educational institutions: pedagogical excellence, pedagogical creativity. *Pedagogical sciences: reality and perspectives*, 2019, 69, p. 5-9. Available at: <https://doi.org/10.31392/2311-5491/2019-69.1>.
8. Awe, O.A. And Church, E.M. "Project flexibility and creativity: the moderating role of training utility", *Management Decision*, 2020, Vol. ahead-of-print No. ahead-of-print. Available at: <https://doi.org/10.1108/MD-02-2020-0226>.
9. Shevchenko, Y.; Moskalyova, L.; Kanarova, O.; Poznanska, O. Development of a system for improving future teachers' readiness for the child's spiritual and moral development in a cross-cultural space. *Journal of history culture and art research*, 2019, 8 (4), p. 251-261.
10. Kryshtanovych, M.; Kryshtanovych, S.; Stechkevych, O.; Ivanytska, O.; Huzii, I. Prospects for the development of inclusive education using scientific and mentoring methods under the conditions of post-pandemic society. *Postmodern Openings*, 2020, Vol.11, No. 2, p. 73-88.
11. Bakhov, I.; Ryzhykov, V.; Kolisnyk, O. Leadership Abilities of a Military Manager, Professionalism of a Commander as the Guarantee of the Practice of Effective Activity of a Military Organization. *International Journal of Engineering & Technology*, 2018, 7 (4.38), p. 45-49.
12. Kenesbekova, S.; Dusembinova, R.; Mirza, N.; Shayakhmetova, M.; Alshynbayeva, Z. Organizational-pedagogical conditions for the preparation of future primary school teachers for self-learning. *Opción*, 2019, 35, p. 79-102.
13. Fedorov, O. D.; Zhuravleva, O. N.; Polyakova, T. N. Educational strategies for designing additional professional programs for teachers: Choosing Priorities.

Educational Issues. Educational Studies Moscow, 2018, 2, p. 71-90

*Интернет ресурстары:*

1. <http://www.ed-union.ru/page.html?region=1&sid=&page=9&doc=9581>.
2. [http://www.u-mama.ru/files/books/odar\\_reb.zip](http://www.u-mama.ru/files/books/odar_reb.zip)
3. [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz).

*Бейне дәріс сілтемесі*

1. <https://youtu.be/KaEUilu3GWA>
2. <https://youtu.be/BqqpChJ4Wj0>
3. <https://youtu.be/R2bYF0tcn48>
4. <https://youtu.be/e13OC6HDpqc>
5. <https://youtu.be/9PRIfxsnVq8>
6. <https://youtu.be/EeH3y1CRUXo>
7. <https://youtu.be/UsQ37mqJHEE>
8. <https://youtu.be/7W-emhSMnKA>
9. <https://youtu.be/HjjnDhehq0U>
10. [https://youtu.be/tEej9xj\\_O68](https://youtu.be/tEej9xj_O68)

*Скопус (Scopus):*

1. Student engagement by employing student peer reviews with criteria-based assessment. Mirmotahari, O<sup>a</sup>., Berg, Y<sup>a</sup>., Fremstad, E<sup>b</sup>., Damsa, C<sup>b</sup>., IEEE Global Engineering Education Conference, EDUCON Volume April-2019. Yjvthcnfnmb 8725174, Pges 1152-1157.
2. Teachers` role in students` inquiry habit of mind in primary schools (Article). Author`s: Uiterwijk-Luijk, L<sup>a</sup>. Email Author, Krüger, M<sup>b</sup>., Zijlstra, B<sup>c</sup>., Volman, M. Teaching and Teacher Education. Volume 86. November 2019. Номер статьи 102894

